

Мемлекеттік, тіркелетін танылым белгілері мен қосымша белгілерді азаматтық және эксперименттік әуе кемелеріне салу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010 жылғы 26 қазандагы N 477 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 22 қарашада N 6649 тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 49-бабының 3 -тармағына сәйкес **БҰЙЫРДАМАНЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік, тіркелетін танылым белгілері мен қосымша белгілерді азаматтық және эксперименттік әуе кемелеріне салу ережесін бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ә. Әдімолда) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің

міндеттін аткарушы

А. Бектұров

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің
міндеттін аткарушысының
2010 жылғы 26 қазандагы
N 477 бұйрығымен
бекітілді

Азаматтық және экспериментальды әуе кемелеріне мемлекеттік, тіркеу танулық және қосымша белгілер енгізу ережесі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық және экспериментальды әуе кемелеріне мемлекеттік, тіркеу танулық және қосымша белгілер енгізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан

Республикасы 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 49-бабының 3-тармағына және "Әуе кемелерінің ұлттық және тіркеу белгілері" халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияға 7-қосымшаның талаптарына сәйкес өзірленді (Чикаго, 1944 жыл).

2. Қағидалар Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименттік әуе кемелеріне мемлекеттік, тіркеу, тіркеу танулық және қосымша белгілер енгізу тәртібін белгілейді.

Қағидалар метеорологиялық мақсатта пайдаланылатын зонд-шарларға, пилотсыз басқарылмайтын аэростаттарға, аса жеңіл авиация аппараттарына (дельтоплан, параплан, мотопарараплан және моторсыз планерлер), сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен есепке алынуға тиіс пилотсыз әуе кемелеріне қолданылмайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.02.2023 № 123 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әуе кемесі – жер (су) бетінен шағылысқан ауамен әрекеттесуді болғызбай, ауамен өзара әрекеттесу есебінен атмосферада қалықтайтын аппарат;

2) аса жеңіл ұшу аппараттары – ең жоғары ұшу массасы 750 кг дейін қоса алғанда моторлы және моторсыз ұшу аппараттары;

3) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімі – Қазақстан Республикасы әуе кемелеріне, оған құқықтарға және онымен жасалынатын мәмілелерге мемлекеттік тіркеу жасалынатын құжат;

4) пайдаланушы – әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өзінің қызметін ұсынатын жеке немесе занды тұлға;

5) пилотсыз әуе кемесі – бортта пилотсыз пайдаланылатын немесе дербес жұмыс істеу үшін және (немесе) қашықтықтан басқару үшін арналған әуе кемесі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.02.2023 № 123 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген және ұшуға жіберілген азаматтық әуе кемелерінде ұшуларды орындау оған азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген осы Қағидаларға сәйкес мемлекеттік және тіркелетін танылым белгілерін салғаннан кейін жүргізіледі.

Тәжірибелік-конструкторлық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының ұшу сынақтарын орындауға арналған эксперименттік әуе кемелеріне артықшылық беріледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.02.2023 № 123 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген барлық әуе кемелеріне мына:

1) тану белгілері енгізіледі:

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тану белгі азаматтық авиацияның халықаралық үйімі (ИКАО) берген UP - латын алфавитінің екі бас әріпі түріндегі белгісі;

ою-өрнек белгілері жоқ латын алфавитінің бас әріптері қисынынан және араб цифрынан тұратын әуе кемесінің тіркеу тану белгісі.

Тіркеу тану белгісінде Q әрпінен басталатын халықаралық сигнал кодының бес әріптік комбинациясы үшін қабылданатын әріптер комбинациясы Q-кодта пайдаланылатын үш әріптік комбинация, сондай-ақ SOS апат сигналы немесе ұқсас шұғыл сигналдар үшін қабылданатын комбинациялар қолданылмайды;

2) қосымша белгілері.

Бір мезгілде басқа елдердің мемлекеттік белгісін енгізуге болмайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.10.2024 № 345 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-1. Сынақтарды қоспағанда, мемлекеттік және тіркелетін танылым белгісінсіз, сондай-ақ бекітілмеген бояумен ұшу жүргізілмейді.

Ескерту. Ереже 5-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 16.07.2019 № 511 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Әуе кемелер пайдаланушымен (авиакомпаниялармен) бекітілген бояу ұлгісімен текст сипаттамаға сәйкес боянады.

2-тaraу. Әуе кемелеріне мемлекеттік және тіркеу тану белгілерін енгізу тәртібі

7. Әуе кемесінің фюзеляжы мен қанатына енгізілетін мемлекеттік және тіркеу тану белгілері.

8. Әуе кемесінің фюзеляжда белгілер фюзеляждың (немесе ұқсас конструкциясы) әрбір бүйірлеріне қанаттардың арасына және арттағы

қанаттануының бетіне енгізіледі.

Әріптер мен белгілер фюзеляждың құрылыш көлденеңімен бір бағытта қарастырылуы тиіс және көлденеңге қатаң тік сзызық енгізілуі тиіс.

Бір белгінің символдары кемінде 300 мм және 1000 мм аспайтын бірдей биіктікте болуы тиіс.

Фюзеляжға енгізілген белгінің символының биіктігі бос орынның болуына байланысты барынша белгінің мүмкін болатын ұзындығы бойынша белгіленеді.

Фюзеляждың (немесе ұқсас конструкциясы) қанаттарының арасына және арттағы қанаттануының бетіне белгі енгізу арттағы қанаттануының тік жоғары жартысына әуе

кемесінің құрылыш көлденеңде паралель бір жолмен енгізіледі, ал көп килі бар әуе кемелеріне - шеткі килінің сыртқы бетіне енгізіледі.

9. Әуе кемесінің қанатында қанат конструкциясының төменгі бетіне бір жерге орнату. Олар қанат конструкциясының төменгі бетінің сол жақ жартысына егер олар барлық бетін басып жатпаса орналастырылады.

Белгілер қанаты жиектерінің алдыңғы және артқы бірдей қашықтықта орналастырылады. Әріптер мен цифrlардың биіктігі қанаттың алдыңғы жиегіне бағытталуы және кемінде 500 мм және 1500 мм-ден аспайтын биіктігі болуы тиіс.

10. Әуе кемесі конструкциясының көлемі айыратын белгілердің қажетті көлемін қондыруға мүмкіндік бермейді, ұсынылған пропорцияларды сақтай отырып, ең жоғары көлемге дейін кішірейтуге рұқсат етіледі.

11. Мемлекеттік және тіркеу тану белгілері ашық фонда күнгірт түспен, күнгірт фонда ашық түспен орындалады. Барлық символдар атмосфералық жағдайларда түрін өзгертпейтін, әуе кемесін пайдаланылған кезде өшпейтін суға тұрақты бояумен енгізіледі. Мемлекеттік белгінің тіркеу белгісінен дефиспен айыруға болады.

12. Барлық символдар мен дефистер фонмен жақсы үйлесетін жалпақ жолақпен және осындай түспен орындалады. Әрбір символдың ені (I әрпінен және 1 цифрынан басқасы) және дефистің ұзындығы символдың ұзындығының үштен екі бөлігін қурайды. Жолақтың қалындығы символдың биіктігінің алтыдан бір бөлігін қурайды.

13. Әрбір символ алдыңғы немесе одан кейінгі символдан арақашықтығы оның төрттен бір ені бөлігін қурайтын арақашықтықпен бөлінеді. Осындай жағдайда дефис жеке символ болып табылады.

14. Тікұшақтарда мемлекеттік және тіркеу тану белгілері фюзеляждың немесе құйрық бөлігінің жамбас жағының бетіне әуе кемесінің элементтері болмаған бөлігіне енгізіледі.

15. Әуе кемесінің көрінетін жерінде басты кіретін есіктің қасына мемлекеттік және тіркеу тану белгілері көрсетілген тақтайша бекітіледі. Тақтайша 70 x 120 мм. мөлшерде отқа төзімді материалдан жасалады.

3-тaraу. Әуе кемелеріне қосымша белгілерін енгізу тәртібі

16. Азаматтық әуе кемелерінде, сондай-ақ пилотсыз әуе кемелерінде қосымша келесі белгілер енгізіледі:

- 1) фюзеляждың бетіне екі жағынан пайдаланушы (авиакомпания) атауының жазылуы;
- 2) арттағы қанаттануының тік жазықты екі жағынан пайдаланушының (авиакомпания) эмблемасы;
- 3) мөлшері мемлекеттік және тіркеу тану белгілерінің мөлшерлеріне сәйкес, фюзеляждың тұмсық бөлігінің екі жағынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының бейнесі.

Әуе кемесіне Мемлекеттік Тудың бейнесін салу кезінде "Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен бекітілген бейнеге сәйкес рәміздер элементтерінің бейнесі мен орналастырылуы сақталады.

4) фюзеляждың екі жағынан тік шрифтпен, фонға қанық әуе кемесінің түрін белгілеу.

Дайындаушы зауыт салған әуе кемесінің түрі деген белгіні сақтау ұсынылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 24.02.2023 № 123 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 28.10.2024 № 345 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Алынып тасталды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 11.10.2013 № 801 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18. Медициналық көмек көрсету және санитарлық іс-шара жүргізу бойынша ұшатын әуе кемелері ақ түске боялады, оларға Қызыл крест және

Қызыл жартыай бейнесі енгізіледі.

1) қанаттың үстінгі жағында соңғы бөлігінің ортасында эр жазықтықта мемлекеттік және тіркеу танитын белгілері жоқ жерлерге;

2) соңғы қанаттануының жоғары тік жазығында екі қатарына (немесе көп кильдік қанаттануының шеткі кильдің сыртқы қатарына) орналасады.

Айқаспа осынің біреуі әуе кемесінің бойлық осынің флюзеляжына жанаспа болуы керек.

19. Тікұшақта Қызыл крест және Қызыл жартыай бейнесі екі бортының ортаңғы жағынан және фюзеляждың табанына енгізіледі.

20. Әуе кемелерін жердің әртүрлі бояу мен рельефі фонында көрінуін, ерекшелігін және табылуын қамтамасыз ету мақсатында қоршаған ортасың ландшафтының бояуы мен суреті бойынша қарама-қарсы реңдегі бояумен қолданылады. Қарама-қарсы реңдегі бояу негізінен қын өтетін жерлерде және халық аз қоныстанған жерлерге тұрақты әуе кемелеріне қолданылады.

21. Қосымша белгілер әуе кемелеріне мемлекеттік және тіркеу тану белгілерін визуалды тануды қындарпайтын тәсілімен енгізіледі.

4-тарау. Әуе кемелерінің сыртқы бояуының сыйбасына қойылатын талаптар

22. Әуе кемелерінің сыртқы бояуының сыйбасы 1:100 масштабында ұш кесінде; жанынан, үстінен және астынан орындалады. Бояу сыйбасын 1:200 или 1:250 масштабында орындауға жол беріледі.

23. Сызбада түрлі-түспен әуе кемесінің сыртқы бояуы, авиакомпаниясының атауының орналасқан жері мен тұстік үйлесімі және оның эмблемасы, әуе кемесінің түрі, мемлекеттік және тіркеу тану белгілері көрсетілуі тиіс.

24. Әуе кемелерінің сыртқы бояуының сипаттамасына қойылатын талаптар:

1) фюзеляж - түрған жерінің төменгі және жоғарғы бөлігінің түсін, жолақ бортының (егер бар болса) түсін және мөлшерін көрсету;

2) қанаты мен көлденең сүйеніші - бетінің, ұштарының жоғарғы және төменгі бояуының түсін көрсету;

3) тік сүйеніші - килдің бояуының түсін және рулінің бағытын, орналасқан жерін, жолағының (егер болса) түсі мен мөлшерін көрсету;

4) әуе кемесінің түрін авиакомпанияның атауы мен эмблемасын жазуы - фюзеляж және тік орналасқан бояуының үйлесімін, қанаттануының мөлшерін көрсету;

5) мемлекеттік және тіркеу тану белгілерінің осы Ереженің 8-тармағына сәйкес орналасуы;

6) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Жалауының осы Ереженің 16-тармағының 3) тармақшасына және 17-тармағының 1) тармақшасына сәйкес орналасуы;

7) Қазақстан Республикасы Елтаңбасының осы Ереженің 17-тармағының 2) тармақшасына сәйкес орналасуы.